

«Сейфуллин окулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 6-9.

ЕШКІ СҮТІНІҢ ӨНІМІНЕ СҰРАНЫС ЖӘНЕ ОҒАН КӨЗҚАРАС

Абубакирова Л., докторант


С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Бұл тезисте тағам өнімдерінің арасынан тағамдық құндылығы мен қатынасы жоғары болып табылатын ешкі сүтінің өніміне жалпы шолу жасайды.

Қазіргі уақытта, әсіресе соңғы он жыл көлемі ішінде иммунитетті көтеру мәселесі өзекті болып отыр. Денсаулықты нығайтып, оны көтерудің жолдары ретінде спортпен айналысу, дұрыс тамақтану, витаминдер және биологиялық белсенді қоспалар пайдалану, екпелер салдыру, күн сәулесін жеткілікті мөлшерде алу секілді түрлері белгілі. Айтылғандардың бір бөлігі ретінде дұрыс тамақтану туралы толығырақ түсіндіріледі, яғни оның ішінде ешкі сүтінің оң және кері жақтары, пайдалану мөлшері, сақтау уақыты секілді мәселелерге көбірек екпін қойылады.

Ең алдымен, ешкі сүтінің оң жақтары бойынша сөз қозғалады. Біріншіден, ол емдік қасиетке ие, әсіресе асқазан-ішек жұмыстарын жақсартуға әсері мол [1]. Одан басқа гемоглобин көтеру, көздің көру қабілетін арттыру, тәттіден аллергиясы бар жандарға таптырмас сүттің де қасиеті иммунитет көтеруге қабілеті жоғары болады. Екіншіден, жаңа сауылған ешкі сүті бактерицидтік қасиеті бар екендігі және оның құрамындағы биологиялық белсенді заттар сиыр сүтінен де табылмайтындығы зерттелген [2,3]. Бұл қосылыстардың болуы арқасында сүттің балғындығын сақтау мерзімі де ұзақ болып келеді. Атап айтқанда, бөлме температурасында 3 күнге дейін бұзылмайды, ал тоңазытқышта бір аптадан артық сақтауға болады. Сонымен қатар, майлылығы жоғары (4-4,4 %) болса да, адам ағзасы аз уақытта толығымен сіңіреді, тез қорытады. Бұл үрдістің ағзаға ауырлық тудырмайтынын ескерсек, онкологиялық ауыратын адамдарға шипа болатынын да атап өту қажет. Ол көбіне химиятерапия алғаннан кейін денедегі ауыр металлдар мен токсиндерді шығару туралы дәлелдер аз болғандықтан әлі де толығымен зерттеуді қажет етеді. Жалпы ешкі сүтінің оң жақтарынан бөлек, оның кері жағы да кездеседі. Бұл дегеніміз ешкі сүтінде жағымсыз иіс пен дәмнің болуы. Осындай әсерден көптеген адамдарға тұтынуға кедергі тудырады. Жазылғандардың негізінде, Қазақстанның барлық аумағы бойынша халық арасында ешкі сүтіне сұранысын нақтылау мақсатында онлайн түрде сауалнама жүргізілген болатын (<https://docs.google.com/forms/d/1-->

[3a6LPYMaKbKmFeI_89ihylSskQUicSO4A1aoEKXEg/edit](#)). Бұл сауалнамаға 124 адам қатысты, оның 91,1% әйел қауымы, ал 8,9% ер адамдар болды. Ал жасы бойынша 19-30 аралығындағы жауап берген респонденттердің көбісі 30,6% болса, екінші орында 31-40 аралығындағы 28,2% ересектер құрады (1 сурет).




1 сурет

Енді бұл сауалнамада құрайтын сұрақтар мынадай болды:

- 1) Қандай өнімді көбірек пайдаланасыз?
- 2) Сүт өнімінің қай өндіруші дайындағанына мән бересіз бе?
- 3) Сізге өнім таңдауда жарнама әсер етеді ме?
- 4) Сүттен әзірленетін жаңа өнімді жиі аласыз ба?
- 5) Сүт өнімдерін қайдан сатып алған дұрыс деп санайсыз?
- 6) Ешкі сүтін пайдаланасыз ба?
- 7) Ешкі сүтін күнделікті аласыз ба?
- 8) Ешкі сүтін сатып алу/алмауға не себеп?
- 9) Ешкі сүтінің емдік қасиеті мен пайдасын білесіз бе?
- 10) Сізге сүт өнімінің ең алдымен мән беретін көрсеткіш?

Сауалнама нәтижесі бойынша бірінші сұраққа 80%-дан жоғары адам нақты сүт өнімін таңдайтынын белгілеп өтті. Ол келесі графикте көрсетілген (2 сурет).



2 сурет

Тұтынушылардың жартысынан көбі сүт өнімдерінің өздеріне таныс және алып жүрген немесе отандық өндірушіге сенім білдіретіні айқындалды. Ал үшінші сауалға қатысты 124 респонденттің 71,8% -на жарнама әсер етпейтін болса, қалған 28,2% жауап беруші тәуелді екенін білдірді. Одан әрі қатысушылардың басым көпшілігі (40,3%) алып жүрген өнімдеріне үйренсе, басқа бөлігі (35,5%) жаңа өнім алу үшін оның бағасына мән беретінін атап өтті. Осылайша, респонденттердің көпшілігі (76,6%) сүт өнімдерді супермаркет пен үй жанындағы дүкеннен алған дұрыс деп санайды. Сонымен, 75% адам ешкі сүтін пайдаланбайтыны белгілі болды, бұған негізгі себеп дүкен сөрелерінен таба беру қиын деп жауап берсе, басқа жауап берушілердің алуына дәмі кедергі болатыны анықталды. Сонымен, 80,6% респондент ешкі сүтінің пайдасы мен емдік қасиетін білгенмен, адамдардың ешкі сүті өніміне сұранысы бола тұра, сауалнамаға жауап берушінің 93,6%-ы оның бағасы мен сапасына ерекше назар аударатыны анықталып отыр.

Қазіргі нарықтағы ешкі сүтінің бағасы жоғары екені бірінші мәселе болса, бәсекеге қабілетті өндірушілер сапасын жоғары деңгейде барынша ұстау мақсатында табиғи түрде өндіріп сақтау екінші мәселе болып отыр. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты ешкі сүтінің балаларға, сондай-ақ ақсақазан-ішек жолдары ауыратын топтағы ересек адамдарға пайдасы тиетінін және иммунитеті жоғарылайтынын, және кез келген адам күнделікті тұтына беруге жеңіл сусынның технологиясын жетілдіруді көздейді.

Ешкі сүтінің жалпы құрамы оның қай жерде қоректенгендігіне тығыз байланысты. Мысалы, Еуропа елдерінде өсірілетін ешкі мен Азия мемлекетеріндегі ешкілердің сүттерінің құрамы бірдей болмайды, себебі олар бірдей шөптер жемейді, әрқайсыларының жеке өздеріне тән шығатын өсімдіктеріне байланысты сүттің де химиялық құрамы өзгеріп отырады [4]. Алайда, құрамы жағынан өзгермейтін тұрақты белгілері бар ол ешкі және сиыр сүттері үшін казеиндық топ түрлеріне жатады. Казеин ақырын қорытылатын ақуыз. Ешкі сүтінің сиыр сүтінен ерекшелігі құрамында альфа-

1 s-казеиннің болмауы. Нағыз сүт ақуызызының осы түрі ересектер, әсіресе балалар арасында аллергиялық реакция тудырады. Сонымен қатар, бета казеин сиыр сүтіне қарағанда ешкі сүтінде екі есе кездеседі, бұл дегеніміз ана сүтіне жақын жоғары құрамы бар ерекше иммундық ынталандырғыш белсенділікке ие [5].

Ешкі сүтінде көмірсулар аз болғанмен, кальций, калий, магний, натрий, фосфор, темір, мыс және марганец сияқты минералдарға бай. Бұдан басқа, ешкі сүтінде витаминдер тобы да кездеседі, оның ішінде В, А, D және С тобы айтарлықтай көп мөлшерде [6]. Ешкі сүтінің басқа сүттерге қарағанда ерекшеліктері минералдардың жоғары деңгейде болуы [7], витаминдердің барлық түрінің кездесуі бұл ешкінің қоректенген жем-шөбіне тығыз байланысты болып отыр. Атап айтқанда, ешкі кремний минералы жеткілікті мөлшерде кездесетін ағаш қабықтарын, бұталарын және мыңжапырақ, жусан, қырықбуын, цикорий сияқты емдік шөптерін жейді. Осылайша ешкі сүті жаңа туылған сәбиден бастап, өкпе тыныс жолдары, ішек-асқазан аурулары үшін таптырмас шипа болып саналады.

Қорыта келгенде, ешкі сүтінен әзірленетін өнімгетұтынушының сұраныстары мен талаптарын ескеріп, оның нақты ішек-асқазан жолдарына пайдасын талдап, және жағымсыз иісі мен дәмімен жұмыс жасау арқылы ары қарай тереңірек анықтайтын болады. Бұл ағзаны емдеу мақсатында емес, иммунитетті көтеріп, аурудың алдын алу ретінде құрамы таза өнім дайындау туралы зерттеуге бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Nayik, G. A., Recent Insights Into Processing Approaches and Potential Health Benefits of Goat Milk and Its Products: [Text] / Jagdale, Y. D., Gaikwad, S. A., Devkate, A. N., Dar, A. H., Dezmirean, D. S., Bobis, O., Ranjha, M., Ansari, M. J., Hemeg, H. A., және Alotaibi, S. S. // A Review. *Frontiers in nutrition*. 2021. <https://doi.org/10.3389/fnut.2021.789117>
- 2 Yadav, A.K., Singh J., and Yadav S.K. Composition, nutritional and therapeutic values of goat milk: A review [Text]. - *Asian Journal of Dairy and Food Research*.-2016. -№35. - С. 96-102.
- 3 Казюкова, Т.В., Ильенко, Л.И., Котлуков, В.К. Козье молоко в питании детей грудного и раннего возраста [Текст] / *Педиатрия*. - 2017. -№ 96 (1). - С. 75–82.
- 4 Меркушева И. Н., Петриченко С. П., Кожухова М. А. Пищевая и биологическая ценность козьего молока [Текст] / *Известия вузов. Пищевая технология*. - 2005.- № 2-3.
URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pischevaya-i-biologicheskaya-tsennost-koziogo-moloka>.
- 5 Маталыгина Ольга Александровна Лечебные и профилактические возможности новых продуктов питания для детей на основе козьего молока // *ВСП*. - 2008. - №1.

URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/lechebnye-i-profilakticheskie-vozmozhnosti-novyh-produktov-pitaniya-dlya-detey-na-osnove-koziego-moloka>.

- 6 Симоненко С. В. и др. Козье молоко - ценное сырье для производства детских молочных продуктов // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2017. – №. 4. – С. 35-36.
- 7 Тултабаева Т.Ч., Шаншарова А.С. Исследование жирно-кислотного состава молока у различных пород коз [Текст] / Новости науки Казахстана. – Алматы. - 2019. - №3 - С.133-139.